

Алматы және Қарағанды маргарин зауыттарын жеке жоба бойынша жекешелендіруді аяқтау туралы

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің қаулысы 29 маусым 1994 ж. N 729

Мемлекет иелігінен алу мен жекешелендірудің Ұлттық бағдарламасын қолдау және "Алматы және Қарағанды маргарин зауыттарын жеке жоба бойынша жекешелендіру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 5 қаңтардағы N 25 P940025_ қаулысына сәйкес оны жүзеге асыру барысында шетелдік инвесторларға жағдайлар мен кепілдіктерді қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Marga B.V." (Нидерланды) фирмасы арасындағы қол қойылған Алматыдағы "Маргарин зауыты" акционерлік қоғамының және Қарағандыдағы "Маргарин зауыты" акционерлік қоғамының акцияларын сатып алу-сату туралы Шарттар, мынадай негізгі қағидаларымен қоса:

- Шарттардың құны, сондай-ақ инвестицияларды жүзеге асыру бағдарламасы;
- әрбір зауыт акцияларының 90 процентінің жоғарыда аталған фирмаға бір мезгілде сатылуы;
- Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті "Marga B.V." фирмасына берген міндеттемелер мен кепілдіктер, сондай-ақ республиканың министрліктері мен ведомстволары Шарттарды жүзеге асыру бөлігінде берген міндеттемелер мен кепілдіктер;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті Алматыдағы "Маргарин зауыты" акционерлік қоғамының және Қарағандыдағы "Маргарин зауыты" акционерлік қоғамының акцияларын сатып алу-сату туралы Шарттың 14,3 бөлімінде көрсетілгендей өзінің дербес иммунитетінен бас тартуы мақұлданын.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті 5 (бес) жыл бойы "Алтын акция" ұстаушы болып табылатыны, сондай-ақ оның "Алтын акция" жөніндегі өз өкілеттіктерін Шарттарға сәйкес республикалық министрліктер мен ведомстволарға, сондай-ақ "Тағам" мемлекеттік компаниясына беру құқы танылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен Қазақстан Республикасының Жер қатынастары және жерге орналастыру жөніндегі мемлекеттік комитеті Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің "Алматы және Қарағанды маргарин зауыттарын жеке жоба бойынша жекешелендіру туралы" 1994

жылғы 5 қаңтардағы N 25 қаулысына және Қазақстан Республикасының басқа заң актілеріне сәйкес жерді жалға алу шарттарын жасасу бойынша қажетті іс-шаралар жүргізісін.

4. Компания орналасқан жерде коммуналдық және соған байланысты қызмет көрсететін мемлекеттік ұйымдар мен Өскемен майэкстракты зауытына Компанияға және Өскемен майэкстракты зауытына коммуналдық және соған байланысты қызметтің шарттары мен бағасын меншік нысанына қарамай басқаларға көрсетілетін шарттар мен бағадан тиімділігі кем болмайтындай етіп көрсету міндеттелсін.

5. Мүдделі министрліктер мен ведомстволар Шартты жүзеге асыру жөнінде қажетті шаралар қолдансын.

6. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитетіне тапсырылсын.

Қазақстан Республикасының
Премьер-министрі